

**8D01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Турдалиев Рауан Муратовичтің
«Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

СЫН - ПІКІР

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы).	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Докторант Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының нормативтік - заңнамалық құжаттарына және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» №228-V заңы (2014ж. 3 шілде). (2026.28.03. берілген өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 ж. 28 наурыздағы № 251 қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептері қызметінің қағидалары, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 ж. 14 мамырдағы № 128 бұйрығы. Білім туралы Заң: № 319-III, 2007 ж. 27 шілде. Ғылым туралы Заң: №407-IV, 2011 ж. 18 ақпан (кейінірек №103-VIII, 2024ж. 1 шілде арқылы жаңартылған).

		1.2 Диссертациялық зерттеу мемлекеттік және өзге де бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылды (бағдарламаның атауы)	Қазақстанда қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі бойынша нормативтік сілтемелер келесі нормативтік құжаттардың әрекет етудегі бағдарламасының негізінде құрылды: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығымен бекітілген 2025 жылға дейінгі дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасы, 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң, 2014 жылғы 4 қарашадағы №74 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу қағидалары, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 14 шілдедегі №129 бұйрығының 81 қосымшасы, дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері.
2	Ғылыми маңыздылығы	2.1 Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми-практикалық маңыздылығы жан-жақты әрі нақты ашылған. Диссертант қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру (Батыс Қазақстан ЖОО мысалында) ғылыми тұрғыда негіздей алған. Зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік құндылығы айқындалып, маңыздылығы дәлелденген. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың нәтижелері студенттік спорт дамуына елеулі үлес қосады. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстар оқу-жаттығу үдерісін жетілдіруге бағытталып, олардың тиімділігі зерттеу барысында ғылыми тұрғыда дәлелденген. Зерттеу жұмысы студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру мәселесін толықтыра отырып, отандық

			спорт ғылымының дамуына маңызды үлес қосатын құнды ғылыми еңбек болып табылады.
3.	Дербестік қағидасы	3.1 Дербестік деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестік жоқ	Диссертант ізденуші ретінде зерттеу жұмысын ғылыми талаптарға сәйкес дербес орындап, зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер мен қорытындыларды өз бетінше негіздей алған. Автордың ғылыми ізденісі, зерттеу жүргізудегі өзіндік ұстанымы мен талдау жасау қабілеті жұмыстың мазмұнынан айқын көрінеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішнара негізделген; 3) негізделмеген	Зерттеу тақырыбы қазіргі спорт ғылымы мен тәжірибесінің сұраныстарына толық сәйкес келеді. Автор студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру мәселесінің маңыздылығын ғылыми тұрғыда нақты дәлелдеп, тақырыптың теориялық және тәжірибелік өзектілігін жан-жақты ашып көрсеткен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішнара айқындалды; 3) айқындалмады	Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыста қарастырылған теориялық және тәжірибелік мәселелер студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру мәселесін жан-жақты ашып, диссертацияның мақсаты мен міндеттерін толық қамтиды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігі: 1) сәйкес келеді;	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты: «қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеру (Батыс Қазақстан ЖОО мысалында)».

		2) ішнара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Осы мақтақа жету алгоритмі ретінде келесі міндеттер анықталған: 1. Жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу; 2. «Студенттік спорт» ұғымының мәнін, мазмұнын, құрылымын нақтылау; 3. Студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделін әзірлеу; 4. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперименттік түрде дәлелдеу.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішнара байланысты; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара жүйелі әрі логикалық сабақтастықта құрылған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес теориялық талдау, тәжірибелік зерттеу және қорытынды бөлімдер бір-бірімен үйлесімді байланысып, жұмыстың мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) ішнара сыни талданған; 3) сыни талдау жоқ	Зерттеу проблемасының бұрыннан белгілі теориялық және әдістемелік шешімдеріне сыни талдау жасау негізінде докторант заманауи студенттік спорттың дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексерген. Алынған нәтижелер автордың зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін ғылыми-әдіснамалық ұстанымдарды дұрыс таңдағанын және өзара бірін-бірі толықтыратын теориялық, педагогикалық және тәжірибелік зерттеу әдістерін тиімді қолданғанын көрсетеді. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған жаңалықтар, қағидаттар мен әдістер бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырылып, сыни талдау негізінде мазмұндалған. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесін

			әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық қағидасы	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішнара жаңа; 3) жаңа емес	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Нақтыласак: 1. Студенттердің спортпен шұғылдануы олардың өмір сапасын дамытуға, жоғары мектеп жағдайында олардың спорттық мәдениетін дамытуға және соның негізінде қоғамда жалпы мәдени дамуына белсенді ықпал ететіндігі теориялық тұрғыдан негізделді. 2. Студенттік спорт - бұл жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дене шынықтыру- спорттық, білім беру, ғылыми және әлеуметтік-коммуникативтік қызметін біріктіретін, университеттің даму стратегиясымен және қоғамның сұранысымен үйлесетін көпдеңгейлі жүйе ретінде қарастырылатындығы негізделді. 3. Мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелілік блоктарды қамтыған, өзара үйлесімді тығыз байланысқан студенттік спорт дамуының құрылымдық - мазмұндық моделі әзірленді. 4. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту үшін - «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы; Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары; ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулерді құрайтын кешенді жүйе әзірленді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) ішнара жаңа; 3) жаңа емес	Диссертациялық жұмыста қазіргі кезеңдегі Батыс Қазақстан ЖОО студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негізделіп, әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан тексерілуіне қатысты алынған қорытындылар зерттеу нәтижелеріне толық сәйкес келеді және жаңашыл сипатқа ие. Батыс Қазақстан ЖОО студенттер спортын дамытуды айқындайтын негізгі факторлар жүйесі құрылды. Зерттеу барысында алынған

			нәтижелер педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденіп, олардың сенімділігі мен ғылыми негізділігі қамтамасыз етілген. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішнара жаңа; 3) жаңа емес	Диссертациялық зерттеуде ұсынылған студенттік спорт дамуын ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан тексерілген және толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделді; «студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды; студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді; Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді. Осыған байланысты ұсынылған шешімдер жаңа және негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізделгендігі	6.1 Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген	Зерттеуші диссертациялық жұмыстың барлық қорытындыларын ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негіздеген және негізгі нәтижелерін 13 ғылыми еңбекте жариялаған. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 5 – ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 – халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланды.
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидаттар	7.1 Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) дәлелденді деуге болады;	Зерттеу жұмысында 4 қағида ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәлелденген. Яғни: 7.1. Әр қағида нақты дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Зерттеушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері – жаңа жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесі

		3) дәлелденбеді деуге болады; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиальды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	теориялық тұрғыда негізделді; «студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланды; студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделі әзірленді; Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік түрде дәлелденді. 7.4. Зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кең. 7.5. Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары ғылыми еңбектер жарияланған және ендіру актілері алынған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Әдістеменің таңдауы негізделген, әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық жұмыста автор зерттеу міндеттерін шешуге сәйкес бірнеше зерттеу әдістері қолданылған: контент-талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылған. ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, құжатты деректерді бағалау, бақылау сынақтары педагогикалық эксперимент, сауалнама жүргізу, дене жұмыс қабілеттілігін анықтау (PWC₁₇₀). Алынған нәтижелерді өңдеуде математикалық-статистикалық әдістер қолданылып, зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен сенімділігі қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік	Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижелерін алу және талдау барысында компьютерлік технологиялар мен қазіргі заманғы статистикалық өңдеу әдістері қолданылған. Бұл деректердің дәлдігін

	технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	арттырып, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыда негіздеуге және интерпретациялауға мүмкіндік берген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылар мен бағдарламаны педагогикалық эксперимент нәтижелері арқылы негізделіп, олардың дұрыстығы мен тиімділігі тәжірибелік тұрғыда расталған. Жүргізілген эксперимент зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, алынған деректердің сенімділігін арттырған.
	8.4 Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішнара	Ізденуші диссертациялық жұмыста қолданылған маңызды мәліметтердің шынайылығын сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы растаған.

		расталмаған/ актуалды және дәлелді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталмаған	
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз.	Тақырыпқа сәйкес әдебиеттер тізімі нақты, әрі жеткілікті қолданылған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесін құруға қатысты теориялық қағидаттар нақтыланып, спорттық даярлау теориясы мен әдістемесіне қатысты бірқатар ғылыми тұжырымдар ұсынылған. Зерттеу нәтижелері қазіргі кезеңдегі студенттік спортты дамыту мәселесінің теориялық негіздерін толықтырып, оның ғылыми-әдістемелік базасын жетілдіруге ықпал етеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және зерттеу нәтижелері мен әдістемелік ұсынымдар: студенттер дене дайындығы мен дене жұмыс жасау қабілеттілігін түзетуге арналған құралдар кешенін және оларды тиімді іске асыру жолдарын пайдалану қажеттігі ұсынылады; спорттық бағдарланған дене тәрбиесінің тиімділігін негіздеу мақсатында нақты спорт түрлері аясында қауымдастық коэффициентін қолдану мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішнара жаңа; 3) жаңа емес	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсынымдар қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесін құруға қатысты жаңашыл тәсілдерге негізделген. Бұл ұсыныстар спорттық даярлау тәжірибесінде бұрын кеңінен қолданылмаған, сондықтан олар ғылыми жаңалығы бар, дербес әзірленген практикалық шешімдер ретінде бағаланады. Зерттеу жұмысының нәтижесін республиканың көлемінде таратуға ұсынар едім.

10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары. Жұмыс ғылыми стильде жазылып, рәсімделген. Теориялық- әдіснамалық, әдістемелік тұрғыдан толық аяқталған жұмыс болып табылады.
11	Диссертацияға ескертулер	Зерттеу жұмысы теориялық негізділігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Дегенмен диссертацияның мазмұнын қарастыру нәтижесінде келесі ескертулер анықталды. - Кейбір кестелер мен суреттердің атаулары мен түсіндірмелерін кеңейту арқылы олардың мазмұнын қабылдау жеңілдей түсер еді. - Зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми әдебиеттердегі соңғы жарияланымдармен салыстырмалы талдау көлемін ұлғайту, жұмыстың теориялық маңыздылығын арттыра түсер еді. Жоғарыда аталған ескертулер мен ұсыныстар негізінен ұсынымдық сипатқа ие және диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының	Докторанттың жарияланған мақалаларды дайындауға қосқан үлесі: Аталмыш диссертация тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми еңбек баспадан жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 5 – ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 – халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланды. <u>Scopus деректер базасына кіретін журналда:</u> 1. Virtual Reality Technology as a Factor to Improve University Sports (La tecnología de realidad virtual como factor de mejora del deporte universitario) //Retos Federación Española de Asociaciones de Docentes de Educación Física (FEADEF) ISSN: Edición impresa: 1579-1726. Edición Web: 1988-2041 Retos, 51, – 2024.-P. 856-863 https://recyt.fecyt.es/index.php/retos/issue/view/4391 <u>ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған журналдарда:</u> 1. «Әлемдік тәжірибеде студенттік спортты жетілдіру мәселесінің негізгі аспектілері». Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі (Қазақ спорт және туризм академиясының журналы. – Том 67 №1 (2022). – Б. 101-109. 2. Қазақстан Республикасында студенттік спортты жетілдірудің тиімді жолдары// Дене	

ғылыми деңгейін зерделейді)	шынықтыру теориясы мен әдістемесі № - Том 72- № 2- 2023. – Б.128-13.8 3. Батыс Қазақстан университеттеріндегі студенттік спорттың құрама командаларының дайындық ерекшеліктерін анықтайтын факторлар//Теория и методика физической культуры. - №1 (75). - 2024. - С.123-136. 4. Университеттегі студенттер спортын жетілдірудің эксперименттік әдістемесі // ХАБАРШЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы Серия «Педагогические науки» Series «Pedagogical scienc.- №4(84). – 2024. –С.264-277. 5. Университеттің дене шынықтыру пәнін клубтық моделде ұйымдастыру арқылы студенттердің спорттық және әлеуметтік әлеуетін дамыту //Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2025. – №1(79). – Б. 70-82. <u>Халықаралық ғылыми конференциялар:</u> 1. Теоретические аспекты проблемы совершенствования студенческого спорта в мировой практике//Физическая культура, спорт, туризм: наука, образование, технологии: материалы X Всероссийской с международным участием научно-практической конференции магистрантов и молодых ученых (22 апреля 2022 г.) / под ред. Н. Ю. Мищенко, Е. В. Быкова. – Челябинск: УралГУФК, 2022. – С. 297-299. 2. Научно-теоретические предпосылки проблемы совершенствования студенческого спорта в мировой практике // «Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация» атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы: мат. – Алматы: ҚазАСТ, 2022. – Б. 74-78. 3. Проблемы студенческого спорта // Современные тенденции развития науки и образования в сфере физической культуры, адаптивной физической культуры и безопасности жизнедеятельности: сборник статей к Международной научно-практической конференции (20-21 октября 2022г.). – Оренбург: Типография «Экспресс-печать», 2022. – С.441-444. 4. Инновационное совершенствование тренировочного процесса в баскетболе // «Білім беру, дене тәрбиесі, спорт және туризмдегі инновациялар» IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы: мат. – Алматы, 2023.– Б. 41– 42. 5. Причины, характеризующие специфику подготовки студентов сборных спортивных команд в вузах Казахстана // XXVI Всероссийская научно-практическая конференция «Актуальные вопросы физической культуры и спорта»: мат. – Томск, 2024. – С. 56-59.
-----------------------------	---

		6. Особенности технологии совершенствования студенческого спорта в университете. // Международная научно-практическая конференция «Современные тенденции развития образования в физической культуре, адаптивной физической культуре и безопасности жизнедеятельности» : мат. – Оренбург, 2024. – С. 381-385. 7. Экспериментальная методика совершенствования студенческого спорта в университете. // Международный научно-практический форум «Территория спорта, здоровья и безопасности жизнедеятельности»: мат. – Оренбург, 2025. – С. 447-454.
13	Философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды	«8D01401 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен ресімделуі жағынан Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, ішкі логикалық бірлігі мен тұтастығы сақталған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу барысында жекелеген аздаған кемшіліктер кездескенімен, олар диссертацияның ғылыми құндылығына, негізгі нәтижелерінің дәйектілігіне, қорытындыларының негізділігіне және жалпы құрылымдық тұтастығына елеулі әсер етпейді. Осыған байланысты Турдалиев Рауан Муратовичтің диссертациялық жұмысы «8D01401 – Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



Б.М.Доскараев
01.06.2026 ж.